

«Аяла» санаторлық бөбекжайы» КММ-сі

«Қарлығаш» ересек жас тобы

ЕРТЕҢГІЛІК

Тақырыбы:

Білім күні

«Менің сүйікті балабақшам!»

Тәрбиеші: Саурова А.

2024 ЖЫЛ

Жүргізуші: Қош келдіңіздер, құрметті ата –аналар , балалар, барша ұстаздар! Бүгін - 1 қыркүйек – білім күні. Мерекелеріңіз құтты болсын! Барлығымызда сағынышпен күткен 1-қыркүйек білім күніне арналған мерекелік шарамызды ашық деп жариялаймыз.

Жүргізуші:Биіктерге бастайтын асқаралы

Әр жүректің сүйікті, асқақ әні
Мерекеді бәріміз бір дауыспен
Шырқайық еліміздің әнұранын!

ҚР Мемлекеттік әнұраны

Барлық балалар «Қазақстан» әнінің әуенімен орындайды .

Ортада жүргізуші 5 - 6 бала қалады:

(Сұңқар тобы)

1 - бала: Қандай керемет! Бүгін көңіл - күйім шарықтап тұр!

2 - бала: Себебі бүгін мереке ғой!....

3 - бала: Иә, иә! Бүгін - 1 қыркүйек, білім күні!

4 - бала: Бәсе, бүгін оң көзім қайта - қайта тартқан еді.....

5 - бала: Осылай әңгімелесіп тұра береміз бе?

Жүргізуші: Балаларды шақырып, мерекені бірге тойламаймыз ба?

Ойын: «Балабақша құрастыру»

Ойынның шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Карандаштармен балабақша құрастырады.

Самира:

Қыркүйектің бірінде
Кеудем толы дірілге
Құлақ түйем елеңдеп
«Бақшада» бір күне.

Дінасыл:

Ал бірінші қыркүйек
Күнсіңғой сен ең тәір
Өйткені ол мереке
Бірінші күн ерекше

Әмір:

Білім менің ертеңім

Өсу үшін өркенім

Жүзем оқу айдынында

Жайып білім желкенін

Ойын: «Кім жылдам»

Мақсаты: Баланың жылдамдық пен ептілік дағдыларын жетілдіру.

Шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. Шарды бір-біріне жеткізе білуге үйрету.

Айша: Балабақша есігін

Үшке тола ашқанбыз

Балапандай мәпелеп

Өсіруде бақшамыз.

Бекасыл: Өсті міне бойымыз

Өсті міне ойымыз

Қуанышқа ортақпыз

Құтты болсын тойымыз.

Абдуллах: Қиындықтан өтуге

Армандарға жетуге

Білім алам ерінбей

Еліме қызмет етуге.

Балалар: 1- Қос мереке құтты болсын! (Сұңқар тобы)

2- Еліміз өркендей берсін! (Қарлығаш тобы)

3- Білімділер көп болсын! (Сұңқар тобы)

4- Бейбітшілік күні жарқырай берсін! (Қарлығаш тобы)

5- Тәуелсіздігіміз баянды болсын! (Сұңқар тобы)

6- Мәңгілік ел болайық! т. б. (бәріміз)

Жүргізуші: Бүгінгі мерекелік ертеңгілігіміз осымен тамам. Ден қойып тамашалағандарыңыз үшін көп рахмет!Баршаңызды балабақшамыздың білім бағына шақырамыз!

